

Сенім мен серіктестік



2-бет

Туған жерді туризм түлетеді



5-бет

Тынымсыз ғұмырдың тағылымы



8-бет

Құрметті облыс тұрғындары!

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл қасиетті мереке асырлар бойы рухани тазалық пен мейірімділікті, өзара көмек пен бірлікті нығайта келеді. Осы берекелі күндерде адамдар иелістерді жасауға, аға буын мен мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге көңіл бөліп, қоғамдағы келісімді нығайтуға ұмтылады.

Құрбан айт әртүрлі ұлттар мен діндердің өкілдерін біріктіріп, барлығын құрметке, жанашырлыққа және өзара түсіністікке шақырады. Мереке әр үйге бейбітшілік, өркендеу мен бақыт әкеліп, жүректерімізге жылылық пен үміт сыйласын.

Баршаңызға зор денсаулық, амандық, отбасыларыңызға бақ-береке табыс тілейміз. Еліміз көркейіп, дами берсін. Шалған құрбандықтарыңыз бен игі амалдарыңыз қабыл болсын!

Құрбан айт мерекесі қайыры болай!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• ҰБТ – 2026

«Талаптың мініп тұлпарын...»

10 мамырда басталған негізгі ҰБТ екі апта ішінде шамамен 92 мың рет тапсырылды. Тестілеуге қатысушылардың 71%-ы қазақ тілінде, 29%-ы орыс тілінде, ал, 164 талапкер ағылшын тілінде емтихан тапсырған. Екінші аптаның қорытындысы бойынша талапкерлердің 65%-ы шекті балл жинаған. Бес пән бойынша орташа нәтиже 63 балды құрады. Ең жоғары көрсеткіш – 138 балл.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлерге де қолайлы жағдай жасалған. Биылғы ҰБТ-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар 235 талапкер қатысты.

Тестілеу аяқталғаннан кейін талапкерлерге тапсырмалар мазмұны бойынша 30 минут ішінде апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған. Ал, техникалық мәселелерге қатысты апелляциялар тестілеу барысында қабылданады. Сертификаттар апелляция нәтижелері шыққаннан кейін талапкерлердің жеке кабинеттерінде қолжетімді болады.

2026 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін 31 қазанға дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі.

• ЕРТЕҢ – ҚҰРБАН АЙТ

Ізгілікке үндеген ұлық мейрам

Ертең – мұсылман қауымының ұлық мерекесі Құрбан айт. Бұл күн – құрбандық шалу рәсімімен ғана шектелмей, адамның ниетін түзейтін, жүректі жұмсартатын, ағайын арасын жақындататын, мұқтажға медет, көпке қуаныш сыйлайтын қасиетті мезет. Қарағанды өңірінде айт намазы таңғы 06:30-да оқылып, мереке мешіт аулаларындағы рухани-танымдық іс-шаралармен, қайырымдылық істермен жалғасады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрбан айттың да құндылығы да сол. Таңғы сәттен мешітке бет алып, айт намазына асыққан әр жанның жүзінен шуақ сезіледі. Құрбандықтың түп мәні – мал шалу ғана емес, ниет тазалығы. Адамның өз нәпсісін тежеп, жүрегіңдегі сараңдықты жеңуі. Қолыңдағы барын өзгемен бөлісе білуі. Жақынына жанашыр, мұқтажға медет, жалғызға сүйеу бола алуы. Сондықтан да, айт күндері жасалған әрбір игі амалдың салмағы бөлек. Бір үйдің дастарқанына жеткен бір жапырақ еттің өзі кейде бір отбасының көңіліне жылу, бір баланың жүрегіне қуаныш сыйлайды.

ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша бас имамы Естай Әбдіғали Құрбан айттың қадірі ең алдымен, адамның ықыласында екенін айтады. Оның сөзінше, бұл мереке мұсылман баласын Жаратушыға жақындатып қана қоймай, қоғамдағы өзара жанашырлықты



күшейтеді.

– Құрбан айт – адамның қолындағы малын ғана емес, жүрегіңдегі қірбегің, немқұрайдылығың, өзімізділігің құрбан ететін күн. Құрбан айттың қадірі құрбандықтың көлемімен өлшенбейді. Оның өлшемі – ниет, ықылас, мейірім. Біреуге ет жеткізу, біреудің көңілін сұрау, бір баланы қуанту, бір шаңыраққа жылу сыйлау – осының бәрі айттың шынайы рухын танытады. Бұл күн бізді тек тұтынуға емес, бөлісуге, даралануға емес, жақындасуға шақырады.

Бұл мерекенің шынайы мәні – сойылған малдың санында емес, мұқтаждың көңіліне жеткен мейірімде. Егер айт күні бір отбасының дастарқаны толып, бір баланың жүзі жадырап, бір жалғыз жан өзін қоғамнан тыс сезінбесе – міне, сол Құрбан айттың берекесі, – дейді Қарағанды облысының бас имамы Естай Әбдіғали.

Құрбан шалу – шамасы жеткен адамға жүктелетін сауапты амал. Ал, оның етін мұқтаж жан-дарға жеткізу, көрші-қолаңмен, ағайын-туыспен бөлісу – айттың

шынайы рухын танытатын игі дәстүр.

Биыл Құрбан айттың алғашқы күні 27 мамырға сәйкес. Қарағанды облысы бойынша айт намазы таңғы сағат 06:30-да оқылады. Намаздан кейін облыстық «Әнет баба» мешітінің ауласында және өңір мешіттерінде мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылмақ. Ұлттық ойындар, балаларға арналған бағдарламалар, рухани-танымдық кездесулер – мұның бәрі айттың отбасылық әрі қоғамдық сипатта өтуіне бағытталған.

Десе де, бұл күннің басты өзегі – қайырымдылық. Құрбандыққа шалынған малдың еті арнайы тәртіппен мұқтаж отбасыларға жеткізіледі. Осы мақсатта өңірде арнайы жұмыс штабы құрылып, құрбандық етін тарату жүйелі түрде ұйымдастырылады. Яғни, айт қуанышы мешіт ауласында ғана қалмай, көмекке зәру жанның шаңырағына дейін жетуі тиіс.

Құрбан айттың тағылымы да осында. Бұл мереке бай мен келдейдің, үлкен мен кішінің, қала мен ауылдың арасын жақындатады. Біреудің ниеті – құрбандық шалуға, біреудің ниеті – қолғабыс етуге, енді біреудің ниеті – дұға жасап, жақсы сөз айтуға бағытталады. Қоғамды ұстап тұрған көрінбейтін рухани жіптер дәл осындай күндері бекемделе түседі.

– Құрбандық – сыртқы амал ғана емес, ішкі тәрбиенің көрінісі. Қазақ қашан да айт күнін ағайынның амандығын сұрасатын, үлкеннің батасын алатын, баланың көңілін қуантатын қасиетті мезгіл деп білген. Құрбан айт сол дәстүрді имандылықпен ұштастырады. Бұл күні дастарқандағы дәм де, айтылған бата да, жасалған жақсылық та адамды жақындастырады. Ең бастысы – айт қуанышы әр шаңыраққа, әсіресе көмекке мұқтаж отбасыларға жетуі керек, – дейді Естай Айтұғанұлы.

Сондықтан, Құрбан айттың қадірін құрбандықтың көлемімен емес, жүректің ықыласпен өлшенген жөн. Біреуге жылы сөз айту, жалғызділікті жанның халін білу, мұқтаж отбасына қол ұшын созу, баланың көңілін қуанту – мұның бәрі айттың рухына сай амалдар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

ТМД жастарының жаңа орталығы

Қарағанды қаласы «2028 жылғы ТМД-ның Жастар астанасы» болып жарияланды. Бұл – өңір үшін ғана емес, тұтас Қазақстан үшін маңызды халықаралық мәртебе. Аталған шешім ТМД Үкімет басшылары кеңесінің отырысында қабылданып, аймақтың жастар саясатына берілген жоғары баға ретінде бағалануда. Бұл туралы Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік желідегі парақшасында мәлімдеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысының айтуынша, бұл мәртебе Қазақстанның халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықтағы беделін арттырып қана қоймай, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан жастарды қолдау саясатының нақты нәтижесін көрсетеді.

– Бүгінде Қарағанды облысында 303 мыңнан астам жас өмір сүреді. Олар ғылым, білім, кәсіпкерлік, мәдениет және қоғамдық қызмет салаларында белсенділік танытып келеді. Соңғы жылдары Қарағанды өңірінде жастарға арналған түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, жастарды жұмыспен



қамту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, шығармашылық пен еріктілер қозғалысын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, өңірде жастар ресурстық орталықтарының жұмысы күшейіп, жас буынның әлеуметтік белсенділігін арттыруға басымдық берілуде, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

ТМД-ның Жастар астанасы мәртебесі Қарағанды қаласына халықаралық деңгейдегі жаңа мүмкіндіктер ашады. Алдағы уақытта қалада халықаралық форумдар, жастар фестивалдері, білім беру және мәдени жобалар ұйымдастырылады.

► 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Сенім мен серіктестік

Әйел құқықтарын қорғау, отбасылық құндылықтарды нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар халықаралық деңгейде жоғары бағаланып отыр. Осы орайда кеншілер өлкесіне Қазақстандағы БҰҰ құрылымдарының тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагча бастаған «БҰҰ-әйелдер» делегациясы арнайы сапармен келді. Делегация құрамында Еуропа елдерінің дипломатиялық өкілдері де бар. Қонақтар аймақтағы әлеуметтік қолдау жүйесін, қиын жағдайға тап болған әйелдерге көрсетілетін көмекті көрді.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Сапар аясында делегация мүшелері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесті. Кездесу барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, әйелдердің құқықтарын қорғау саласындағы жұмыстар және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы халықаралық ұйымдардың отбасы институтын нығайтуға, әйелдердің құқықтарын қорғауға және халыққа көмек көрсетудің тиімді тетіктерін дамытуға ерекше назар аударғанын жоғары бағалады. Облыста отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар – әлеуметтік саясаттың маңызды басымдықтың бірі.

Бүгінде өңірде 13 отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Жыл басынан бері бұл орталықтар мыңнан астам адамды қамтып, екі мыңнан астам түрлі қызмет көрсеткен. Өсіресе, психологиялық және заң көмегі, қайырымдылық қолдау, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, сондай-ақ, әлеуметтік төлемдерді рәсімдеуге сұраныс жоғары.

Бүгінде цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы ведомстволар арасында өзара іс-қимыл жолға қойылған. Әрбір жағдай жеке қаралып, нақты көмек көрсету тетіктері іске асырылады. Сонымен бірге, мемлекеттік орталықтармен қатар қоғамдық бірлестіктер жанындағы дағдарыс орталықтары да



халыққа қолдау көрсетіп келеді.

Аймақ басшысы халықаралық тәжірибе алмасудың маңызына да тоқталып, әлемдік деңгейдегі тиімді тәсілдерді енгізу екі тарап үшін де пайдалы болатынын жеткізді.

Өз кезегінде Қазақстандағы БҰҰ құрылымдарының тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагча жылы қабылдау үшін алғыс білдіріп, БҰҰ ұйымдарының Қазақстанда, соның ішінде, Қарағанды облысында белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Ол «Ынтымақтастық әйелдер құқықтарымен шектелмейді. Одан бөлек, әділет саласы, білім беру, қоршаған ортаны қорғау және өзге де маңызды бағыттар қамтылған» деді.

Саранго Раднарагча екі күндік миссия барысында Қазақстандағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара тиімді ынтымақтастығына ерекше назар аударды. Оның пікірінше, бұл тәжірибе халықтың осал топтарына жан-жақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, БҰҰ құрылымдары құқықтар мен теңдік қағидаттарын басты ұстаным ретінде басшылыққа алады.

Кездесуде халықаралық дипломатиялық өкілдер де өз пікірін білдірді. Атап айтқанда, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Қазақстандағы елшісі Салли Аксворти, Францияның Қазақстандағы елшісі Сильван Гиоге және Швейцария Конфедерациясының уақытша сенімді өкілі Джорджио Помпили әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерінің маңыздылығына тоқталды.

Облыста жасалған бұл сапар халықаралық ұйымдар мен жергілікті билік арасындағы серіктестіктің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетті.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Жазғы демалыс жауапкершілікке жүгінеді

Облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиында оқу жылының аяқталуы мен жазғы демалыс маусымын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен алқалы отырыста оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын қауіпсіз өткізу, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және маусымдық жұмыспен қамту бағытында атқарылатын шаралар талқыланды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде 2025-2026 оқу жылы өз мәресіне жетті. Оқу жылы дәстүрлі форматта аяқталып, қазіргі таңда өңірдегі барлық білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттау, Ұлттық бірыңғай тестілеу және дайындық және оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Оқу жылының аяқталуына орай барлық мектептерде «Білімім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Облыстағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде де оқу жылы қорытындыланды. Қазіргі уақытта өңірде 415 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Онда 42 764 бала тәрбиеленіп жатыр. Бұл 2 мен 6 жас аралығындағы балалардың 90,9 пайызын қамтиды. Орта білім беру жүйесінде биыл 15 878 оқушы 9-сыныпты, ал, 8 836 түлек 11-сыныпты тәмамдайды деп күтілуде.

Қазіргі уақытта облыстың барлық білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттауды өткізуге қажетті дайындық жұмыстары толық аяқталған. Аттестаттарды салтанатты түрде тапсыру рәсімі 17-18 маусым күндері ұйымдастырылады, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев.

Жаңа оқу жылына дайындық аясында облыста 1-сыныпқа құжат қабылдау 29 маусымда басталып, 31 тамызға дейін жалғасады. Өтініштер электрондық үкімет порталы арқылы немесе қағаз форматында қабылданады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде биыл облыс колледждерін 10 322 маман тәмамдайды. WorldSkills стандарттары бойынша 26 колледж базасында демонстрациялық емтихандар ұйымдастырылады. Колледждерге құжат қабылдау 20 маусымда басталып, 29 тамызға дейін жалғасады. Құжаттарды eGov.kz порталы арқылы немесе колледждердің қабылдау комиссияларына тапсыруға болады.

Жазғы демалыс кезінде өңірде балалардың бос уақытын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінбек. Биыл шамамен 150 мың оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарланып отыр. Сауықтыру шаралары 12 қала сыртындағы лагерде, 281 мектеп жанындағы тамақтандыру ұйымдастырылған орталықта және 568 бейіндік алаңда өткізіледі. Биылдан бастап балаларға арналған білім беру және ойын-сауық қызметтерін міндетті лицензиялау нормасы күшіне енді. Осыған



байланысты барлық сауықтыру орталықтары лицензиялау рәсімінен өтуде.

Актоғай ауданында бес ауысым бойынша 600 балаға арналған киіз үй лагері жұмысын жалғастырады. Мұнда барлығы алты киіз үй тігіліп, әрқайсысында 10 баладан орналастырылады. Нұра және Қарқаралы аудандарында жеке инвестициялар есебінен тағы екі сауықтыру орталығы ашылады.

Колледждер базасында 4-7 сынып оқушыларына арналған лингвистикалық және шығармашылық лагерлер ұйымдастырылады. Бағдарлама аясында экскурсиялар, кәсіби бағдар беру, спорттық ойындар мен оқыту шаралары өтеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жазғы демалысы да назардан тыс қалмаған. Олар Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарындағы сауықтыру орталықтарына жіберіледі. «Qarmet» және «Қазақмыс» кәсіпорындарының қолдауымен мыңнан астам қызметкердің баласы жазғы демалыспен қамтылады. Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 685 балаға Алматы, Қостанай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарындағы лагерлерге жолдамалар сатып алынған.

Жазғы науқан ресми түрде 1 маусымда басталады. Осы кезеңде «Қауіпсіз жаз» және «Қауіпсіз аттракцион» профилактикалық акциялар өткізіледі. 1 маусымнан бастап балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қызметтерін автоматтандыру бойынша пилоттық жоба іске қосылады. Бұл жүйе болашақта балаларды жазғы демалыспен қамту үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биыл өңірде 130 мыңнан астам баланы жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Оның ішінде, 35 мыңнан астамы – әлеуметтік осал санаттағы балалар. Мыңға жуық жасөспірім кәсіпорындарға жұмысқа орналастырылса, 5 мыңға жуық оқушы «Жасыл ел» бағдарламасы аясында еңбекпен қамтылады. Жаз мезгілінде облыстағы 46 қосымша білім беру ұйымының жұмысы жалғасады. Полиция есебінде тұрған және тәуекел тобындағы жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға ерекше назар аударылмақ. Оларға полиция қызметкерлері, қоғамдық ұйым өкілдері, Әкелер кеңесі мен қамқоршылық кеңес мүшелері қатарынан тәлімгерлер бекітілген.

Облыста жастар саясаты мен экологиялық бастамаларды дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұл туралы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысы Айсұлу Ерниязова баяндалды.

– Өңірде бүгінде 14 пен 35 жас аралығындағы 300 мыңға жуық жас тұрады. Бұл облыс халқының шамамен 27 пайызын құрайды. Оның 78,4 пайызы қалада, ал, 21,6 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүреді. Жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, еңбекке баулу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары қоғамысы. Соңғы бес жылда жобаға қатысушылар саны тұрақты өсіп келеді. Мәселен, 2022 жылы жобаға 2375 жас тартылса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 3000 адамға жеткен. Ал, 2024 жылы 4820 жас жұмыспен қамтылып, 2025 жылы олардың саны 4990-ға артқан. Биыл «Жасыл ел» сапында 5050 жасты жұмыспен қамту жоспарланып отыр, – деді Айсұлу Ерниязова.

Жоба аясында жастар өңірді көгалдандыру, абаттандыру және тазалық жұмыстарымен айналысады. Олар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде сенбіліктерге, ағаш отырғызу және аумақтарды тазарту жұмыстарына белсенді қатысады. Еңбек жасақтарының мүшелері үшін арнайы тренингтер, тимбилдингтер және әлеуметтік жобалар ұйымдастырылады. Бұл жастардың қоғамға бейімделуіне, еңбек дағдыларын қалыптастыруына және экологиялық мәдениетті дамытуына ықпал етеді. Биыл жобаға ең көп қатысушы Қарағанды қаласынан тартылмақ. Мұнда 2000 жасты жұмыспен қамту көзделген. Теміртауда – 1000, Балқашта – 250, Шахтинск пен Саран қалаларында 230-250 жас еңбек жасақтарына қатысады деп жоспарланған. Аудандық деңгейде де жастар белсенділігі артып келеді. Өңірде цифрлық экожобалар да қолға алынуда. Солардың бірі – жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін GreenMap мобильді қосымшасы. Жоба Қарағанды облысының жасыл желектерін есепке алу, мониторинг жүргізу және талдау жасау мақсатында әзірленген. Қосымша арқылы ағаштардың түрі, жағдайы, зақымдануы туралы мәліметтер енгізіліп, бірыңғай база қалыптастырылады. Жүйе жасыл қорды бақылауға, өңірдегі экологиялық жағдайды талдауға және көгалдандыру жұмыстарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Экосаябақ ел игілігі үшін

Жаңа экосаябақ аумағында көгалдандыру акциясы жалғасуда. «AMANAT» партиясының бастамасымен мыңнан астам қала тұрғыны, студенттер, еріктілер, қоғамдық ұйымдар мен коммерциялық құрылым өкілдері қатысты. Саябақ аумағына жаңа көшеттер егіліп, қаланың экологиялық келбетін жақсартуға бағытталған ортақ іске көпшілік үлес қосты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа экосаябақтың өңір үшін маңызына тоқталды. – Өткен аптада Қарағандыдағы жаңа экосаябақтың алғашқы тасы қаланды. Бұл жай ғана абаттандыру емес. Бұл – қала тұрғындарына қолайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Болашақта мұнда елдегі ең ірі саябақ пайда болады. Аллеялар, спорт алаңдары, отбасымен

демалатын аймақтар болады. Игі іспен туған жерді көркейту – бір күндік іс емес. Бұл бағыттағы жұмыс әрі қарай да жалғасады. Мұндай бастамалар Қарағанды қаласымен шектелмейді, облыстың қалса да қала, аудандарында қолға алынады, – деді облыс әкімі.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков партияның Мемлекет басшысы көтерген «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруда белсенді екенін жеткізді.

– Өнеркәсіпті Қарағанды



үшін экология және қоршаған ортаға ұқыпты қарау ерекше маңызды. Әрбір егілген тал-дарак – балаларымыздың денсаулығына, таза ауаға және өңіріміздің болашағына қосылған үлес. Жаңа саябақ тұрғындардың өзіндік мәдени және білім беру орталығына айналады. Партия қошет егу акцияларын маусым соңына дейін жалғастырады. Келесі аптадан бастап, облыстың әр өңірінен партияның аумақтық филиалдары өкілдері келіп, осы саябақта көгалдандыру жұмыстарын жалғастырады. Биылғы маусым соңына дейін тағы 2000 ағаш егу жоспарда, – деді Бекзат Қомарұлы.

Акцияға қатысушылар үшін алдымен ағаш егудің дұрыс тәсілі көрсетілді. Мамандар қошет егу, топырақты бекіту, суару және кейінгі күтім жасау тәртібін түсіндірді.



Айта кетейік, жаңа экосаябақ аумағында бұған дейін емен, алма, қарағай, қарағаш секілді ағаш түрлері егілген. Сондай-ақ, саябақтың бастауын білдіретін «Таза Қазақстан» жазуы бар символикалық тас орнатылған. Бұл нысан алдағы уақытта қаланың экологиялық мәдениетін айқындайтын маңызды қоғамдық орындардың біріне айналмақ.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ИНКЛЮЗИЯ

Тең мүмкіндікке бастайтын орта

Инклюзия дегеніміз – ерекше баланың өзгелермен бір ғимаратта отыруы ғана емес. Бұл – оның ортаға сіңуі, құрдастарымен тіл табысуы, білім процесіне араласуы, қоғамда өзін бөтен сезінбеуі. Қарағанды облысында осы бағытта бірқатар жетелі жұмыс атқарылып келеді. Арнайы қолдау кабинеттері ашылып, түзету және оңалту орталықтарының желісі кеңейіп, әлеуметтік бейімдеудің жаңа тәсілдері енгізілуде. Ресми дерекке сүйенсек, өңірде ерекше білім беру қажеттілігі бар 17 мыңнан астам бала бар. Оның 16 мыңнан астамы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған.

Дегенмен, инклюзивті ортаны қалыптастыру тек инфрақұрылыммен өлшенбейді. Бұл салада шешімін күткен түйткілдер де аз емес. Әсіресе, кәсіби кадр тапшылығы, инклюзияның кей жағдайда формальды сипатта қалып қоюы және ерте диагностиканың маңызды күн тәртібінен түспей тұр. Ендеше, Қарағанды облысында ерекше балаларды әлеуметтік бейімдеу бағытында қандай жұмыс жүріп жатыр, қандай жаңа әдістер қолданылуда және бұл салада қандай мәселелер өзекті? Осыған шолу жасап көрейік...

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қолдау аясы кеңейіп келеді

Ерекше балаларды қолдау жүйесі соңғы жылдары бірнеше бағытта қатар дамып келеді. Бірі – білім беру арқылы бейімдеу болса, екіншісі – әлеуметтік қорғау, оңалту және тұрмыстық қолдау тетіктері. Екі саладағы деректерді салыстыра қарағанда, өңірде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инфрақұрылымның кеңейіп келе жатқанын байқауға болады.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, бүгінде өңірде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 17 673 бала бар. Оның 92,1 пайызы, яғни, 16 283 бала арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Атап айтқанда, 3 474 бала балабақшаларда, 8 818 бала жалпы білім беретін мектептерде, 1 500 бала арнайы мектеп-интернаттарда, 774 бала техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, 950 бала арнайы білім беру ұйымдарында қолдау алады. Бұдан бөлек, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармаларының мекемелерінде ПМПК қорытындысы бойынша 767 бала қамтылған.

Бұл жерде бір жайтты анықтап алған абзал. Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала мен мүгедектігі бар бала – бір ұғым емес. Дерекке сүйенсек, биылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қарағанды облысында 5 412 мүгедектігі бар бала тұрады. Оның ішінде, 7 жасқа дейінгі балалар – 1 458, бірінші топтағы балалар – 683, екінші топтағы балалар – 1 554, үшінші топтағы балалар – 1 717. Яғни, білім саласындағы статистика баланың оқу процесіндегі ерекше қажеттілігін көрсетсе, әлеуметтік қорғау саласындағы дерек мүгедектік мәртебесі бар балаларды қамтиды.

Қазір облыста арнайы білім беру ұйымдарының желісі де кеңейіп отыр. Білім басқармасының дерегінше, өңірде 32 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның қатарында 10 арнайы мектеп-интернат, 3 арнайы балабақша, 6 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация,



10 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы және аутизмі бар балаларды қолдау орталығы бар.

Инклюзивті ортаны дамытуда қолдау кабинеттерінің маңызы ерекше. Қазіргі уақытта облыста 63 арнайы білім беру қолдау кабинеті жұмыс істейді. Олар Қарағанды, Шахтинск, Теміртау, Балқаш, Приозерек қалаларында және Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров, Шет аудандарында орналасқан. 2026 жылы Шет ауданындағы Талды жалпы білім беретін мектебінде және Шахтинск қаласындағы №12 жалпы білім беретін орта мектепте тағы екі қолдау кабинеті ашылды.

– Қазір ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы қолдау бір ғана мұғалімнің немесе бір ғана маманның міндеті емес. Бұл – психолог, логопед, дефектолог, педагог-ассистент және ата-ана бірлесіп атқаратын командалық жұмыс. Баланың мектепке келуі жеткіліксіз, ол оқу процесіне, құрдастарымен қарым-қатынасқа, мектеп өміріне біртіндеп кірігуі қажет. 2029 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы аясында облыста инклюзияны қолдау бойынша 12 ресурстық орталық жұмыс істейді. Оның 10-ы арнайы мектеп-интернаттарда, біреуі Қарағанды қаласындағы №27 орта мектепте, тағы бірі аутизмі бар балаларды қолдау орталығында орналасқан, – дейді Қарағанды облысы білім басқармасының бас маманы Галина Абишева.

Білім саласындағы қолдаумен қатар, әлеуметтік қорғау жүйесінде де бірқатар жаңа қызмет түрлері енгізілген. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, мүгедектігі бар балаларға техникалық оңалту құралдары, арнайы қозғалыс құралдары, міндетті гигиеналық құралдар және өзге де әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Биыл 1 281 бала оңалту құралдары мен қызметтерімен қамтылып, бұл мақсатқа 445,8 млн теңге бағытталған.

Қолжетімділік мәселесін шешуде инвентаризация қызметінің орны орасан. Қазір облыстың барлық 13 өңірінде жергілікті бюджет есебінен инвентаризация қызметі көрсетіледі. Бұл қызметке 199 автокөлік тартылған, оның 16-сы арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Биыл инвентаризация қызметімен 1 045 мүгедектігі бар бала қамтылған.

Былтырдан бастап, тағы бір жаңа жоба іске қосылды. Ол – мүгедектігі бар адамдар мен балаларға сатыда жүретін шынжыртас



банды көтергіш құрылғы арқылы қызмет көрсету жобасы. Бұл жоба көпқабатты үйлерде тұратын, қозғалысы шектеулі балалар үшін аса маңызды. 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша бұл қызмет 20 балаға көрсетіліп отыр.

Әлеуметтік бейімдеудің тың бағытының бірі – иппотерапия. Қарағанды қаласында бұл қызметті 115 мүгедектігі бар бала пайдаланып жүр. Сабақтар аптасына кемінде екі рет өткізіледі және ерекше балалармен жұмыс істеуге арнайы даярланған сертификатталған жаттықтырушылардың қатысуымен жүргізіледі. Биыл ақпан айында дәл осындай жоба Балқаш қаласында іске қосылып, 40 бала қамтылған. Ал, мамыр айында Теміртауда 25 баланы қамтитын иппотерапия қызметін енгізу жоспарланған.

«Сыныпта бар, сабақта бар ма?»

Соңғы жылдары инклюзивті білім беру жүйесінде өзгерістер байқалғанымен, мамандар бұл саланың әлі де күрделі мәселелері аз емес екенін айтады. Әсіресе, инклюзияның кей жағдайда формальды сипат алып кетуі алаңдатады.

Нейропсихолог Эльмира Әбдідинаның айтуынша, ерекше баланы мектепке қабылдау немесе сыныпқа отырғызу мәселені толық шешпейді. Ең маңыздысы – оның оқу процесіне шынайы араласуы мен ортаға бейімделуі.

– Қазір инклюзивті орта қалыптасты деп айтылғанымен, көп жағдайда бұл формальды түрде ғана жүзеге асады. Инклюзивті статус бар, бірақ оған орта толық бейімделмеген. Кейде бала сыныпта отырғанымен, сабаққа мүлде қатыспауы мүмкін. Сондықтан, мәселе баланы сыныпқа отырғызуда емес, оны сол ортаға шынайы кіріктіруде болып отыр, – дейді маман.

Қазір облыста 776 арнайы педагог, 567 педагог-ассистент және 8 жеке көмекші жұмыс істейді. Алайда, білім басқармасы да, әлеуметтік қорғау саласы да кадр тапшылығы негізгі мәселелердің бірі болып отырғанын мойындайды. Әсіресе, дефектолог, логопед, нейропсихолог, тьютор және педагог-ассистенттерге сұраныс жоғары.

– Көбіне балаға сыртынан ғана қарап, «тәртіпсіз», «қабылдамайды», «мінезі қиын» деген көзқарас қалыптасады. Бірақ, оқымайтын бала болмайды. Оны оқыта алмайтын проблема бар деп қарау керек. Әр баланың ерекшелігін түсініп, соған сай әдіс қолданылуы тиіс. Қазіргі таңда ерекше балаларды сүйемелдеу жүйесінде командалық тәсілдің маңызы артып келеді. Яғни, бір ғана мұғалім емес, психолог, дефектолог, логопед, педагог-ассистент және ата-ана бірлес

жұмыс істегенде ғана нәтиже болады. Бұл ретте педагог-ассистенттердің рөлі ерекше. Бүгінде олар баланы мектеп ішінде бағдар алуына, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуына, эмоционалдық жүктемені жеңуіне көмектеседі. Дегенмен, мұндай мамандар саны әлі жеткіліксіз. Ерте диагностика мен уақытты нейробиологиялық қолдау – ең маңызды мәселенің бірі. Көп адам осы уақытты жіберіп алады. Егер балаға екі-үш жасында диагностика жасалып, ертерек коррекция басталса, көптеген қиындықтың алдын алуға болады. Әрі ата-аналардың да психологиялық және эмоциялық тұрғыдан дайын болуы маңызды. Қазіргі қоғамда гаджетке тәуелділік, уақыт тапшылығы және эмоциялық шаршау ата-ананың баланың дамуындағы өзгерістерді кеш байқауына әсер етуі мүмкін, – дейді ол.

Инклюзия ауданға жете алды ма?

Инклюзивті ортаны дамытуда ең маңызды сауалдардың бірі – қолжетімділік. Себебі, ерекше балаға көрсетілетін қолдау тек облыс орталығында немесе ірі қалаларда ғана шоғырланса, жүйенің толыққанды жұмыс істеуі қиын. Әсіресе, ауылдық жерлерде

стері, сенсорлық интеграция элементтері, баламалы және қосымша коммуникация құралдары енгізілуде. Аутизм спектрі бұзылыстары бар балалармен жұмыс кезінде «АВА-терапия» элементтері, визуалды қолдау және әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту тәсілдері пайдаланылады.

Бұл әдістердің мәні – баланы бір қалыпқа салу емес, оның қабылдау ерекшелігіне қарай жол табу. Мәселен, кей бала ақпаратты ауызша нұсқаудан гөрі сурет, белгі, карточка немесе қысқа визуалды кесте арқылы жақсы қабылдайды. Енді бір балаға сабаққа кіріспес бұрын сенсорлық жүктемені реттеу қажет.

Әлеуметтік бейімдеудің тағы бір маңызды бағыты – қозғалыс пен дене арқылы дамыту. Аймақта бұл тұрғыда иппотерапия қызметі жолға қойылған. Қазір Қарағанды қаласында 115 мүгедектігі бар бала иппотерапиямен қамтылған. Балалар аптасына кемінде екі рет сабаққа қатысады. Жаттығулар ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге кәсіби дайындықтан өткен сертификатталған жаттықтырушылардың қатысуымен өтеді.

Иппотерапияның ерекшелігі – ол баланың тек дене қимылын емес, эмоциялық байланысын да дамытады. Аппен байланыс орнату, тепе-теңдік сақтау, нұсқауды орындау, қозғалысты сезіну – мұның бәрі баланың сенсорлық жүйесіне, өзіне сеніміне және қоршаған ортамен байланысына әсер етеді.

Биыл ақпан айында осындай жоба Балқашта іске қосылып, 40 бала қамтылған. Мамыр айында Теміртауда тағы 25 баланы қамтитын иппотерапия қызметін енгізу жоспарланып отыр. Бұл қызметтің бірнеше қалаға таралуы әлеуметтік бейімдеудің баламалы әдістеріне сұраныс бар екенін көрсетеді.

Бұған қоса, қозғалысы шектеулі балалар үшін қолжетімділік мәселесі де шешуші рөл атқарады. Облыстың барлық 13 өңірінде инвентаризация қызметі жұмыс істейді. Бұл қызметке 199 автокөлік тартылған, оның 16-сы арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Биыл инвентаризация қызметімен 1045 мүгедектігі бар бала қамтылған.

Былтырдан бастап облыста сатыда жүретін шынжыртас банды көтергіш құрылғы арқылы қызмет көрсету жобасы іске қосылды. Бұл әсіресе, көпқабатты үйлерде тұратын, өздігінен сыртқа шығуы қиын балалар үшін маңызды. 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша бұл қызмет 20 балаға көрсетілген.

Ерте анықталған белгі – мүмкіндік

Ерекше баланы әлеуметтік бейімдеудің ең маңызды шартының бірі – ерте диагностика. Баланың дамуындағы ерекшелік неғұрлым ерте байқалса, түзету жұмыстарының нәтижесі де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе, 2-3 жас аралығында тіл, назар, көзбен байланыс, ортаға реакция, ойын әрекеті, дыбысқа немесе жарыққа сезімталдық секілді белгілерге мұқият қарау қажет.

– Ерте диагностика мен уақытты нейробиологиялық қолдау көрсету – қазіргі таңдағы ең маңызды мәселелердің бірі. Егер балаға ертерек диагностика жасалып, көмек көрсетілсе, болашақта туындайтын көптеген қиындықтардың алдын алуға болады. Екі-үш жасында баланың даму деңгейін анықтап, қажетті коррекция басталса, оның кейінгі бейімделуі әлдеқайда жеңіл өтеді. Медициналық комиссиялар кезінде ерте диагностиканы күшейту керек. Мәселен, екі жасар баланың сөздік қоры қандай болуы тиіс, көзбен байланысы, реакциясы, ойын әрекеті қалай дамуы керек – осының бәрі ата-анаға профилактика ретінде түсіндірілсе, көп мәселенің алдын алуға болады. Мұны туыс ретінде емес, маман ретінде айтқан кезде ата-ана да ертерек әрекет етеді, – дейді нейропсихолог Эльмира Амангелдіқызы.

Ерте көмек көрсету бағытында да белгілі бір қадамдар жасалып жатыр. Білім басқармасының мәліметінше, «Уақыт мүмкіндіктері» жобасы аясында Қарағанды, Шахтинск және Саран қалаларында 0-3 жас аралығындағы балаларға көмек ұйымдастырылған. Бұл жоба аясында кабинеттер жабдықталып, мамандар оқытылған.

Түйін

Инклюзивті орта қалыптастыру – бір күнде шешілетін мәселе емес. Ерекше баланы қоғамға бейімдеу – оны мектепке орналастырумен немесе белгілі бір қызметпен қамтумен ғана шектелмейді. Ол баланың өз ортасында орнын тауып, білім алып, қатарластарымен қарым-қатынас орнатуы және өз мүмкіндігін жүзеге асыруы арқылы өлшенеді. Сондықтан, инклюзияның шынайы нәтижесі кабинет саны емес, сол кабинеттің бала өміріне қаншалықты әсер еткеніне байланысты. Сол себепті бүгінгі басты міндет – ашылған орталықтардың санын көбейтумен қатар, олардың ішкі сапасын арттыру. Әр балаға жеке көзқарас, әр отбасыға түсінікті қолдау, әр педагогқа кәсіби дайындық қажет. Сонда ғана инклюзия қағаздағы ұғым емес, баланың күнделікті өміріндегі нақты мүмкіндікке айналады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жазатайым оқиға сан соқтырмасын...

Өндірістің өркендеуі – еңбек адамының амандығымен өлшенеді. Өндірістік жаракат – кейінге шегеруге болмайтын ортақ майдан. Бүгінде тек тексеріс пен жазалау емес, жазатайым оқиғалардың алдын алатын сауатты мәдениет керек. Дәл осы бағытта облыс бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті кәсіпорындардағы тәуекелдерді бағалау мен профилактикалық бақылауды мүлде жаңа жүйелі жұмыстарын бастап кетті.



Магжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қауіпсіздікке бастар жол

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің дерегінше, өкінішке қарай, облыста өндірістік жаракаттану деңгейі бұрынғысынша жоғары. Қарағанды облысы бұл көрсеткіш бойынша республикада алдыңғы қатардағы өңірлердің бірі. Статистикаға сүйенсек, биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша облыста 37 өндірістік жаракат фактісі тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9,8 пайызға төмен. Зардап шеккендер саны 39 адамды құрап, 4,9 пайызға азайған.

Жазатайым оқиғалардың мән-жайын талдау кезінде негізгі себептер анықталады. Олардың қатарында жұмыс беруші тарапынан жұмыстың ұйымдастырылуы, қызметкерлердің өздерінің өрескел абайсыздығы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылуы, жеке қорғану құралдарын дұрыс пайдаланбауы бар, – деді департамент басшысы Медеу Ахметов.

Медеу Арыңұлы өндірістік жаракаттанудың өсуіне жол берген кәсіпорындар кезектен тыс профилактикалық бақылауға енгізілетінін мәлімдеді. Осы бағытта жыл басынан бері 4 кәсіпорында профилактикалық бақылау жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 38 заң бұзушылық анықталды. Оның ішінде, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша – 29, еңбек қатынастары бойынша 9 заң бұзушылық тіркелді.

Бақылаудың басты мақсаты – кәсіпорын жұмысын тоқтату немесе айыппұл салу емес. Ең алдымен, қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастыру. Себебі, өндірістегі әрбір ұсақ кемшілік уақытында түзегілмесе, ерте адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, департамент тарапынан анықталған заң бұзушылықтар бойынша тиісті

ұсынымдар беріліп, жұмыс берушілерге нақты міндеттер жүктеледі, – деді департамент басшысы.

Бұл ретте кәсіпорын ішіндегі қоғамдық бақылаудың да маңызы зор. Әсіресе, өндірістік кеңестер мен техникалық инспекторлардың жұмысы еңбек қауіпсіздігі талаптарының күнделікті сақталуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, өндірістік жаракаттанудың алдын алуда кәсіподақ мүшелерінің құрылған ұжымдардың үлесі өте маңызды. Техникалық инспекторлардың қатысуымен өңір кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер жұмыс істейді. Олар қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбекті қорғау талаптары мен нұсқаулықтардың сақталуы, қызметкерлердің жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі бойынша кемшіліктерді анықтап, кәсіпорын басшыларына ұсыныстар береді.

Еңбек мәдениеті

Өндірістегі қауіптің алдын алу үшін жазатайым оқиға болғаннан кейін бармағымызды тістеп жатамыз. Мұндайда ең маңыздысы – қауіптің қайдан шығуы мүмкін екенін алдын ала анықтау. Осы тұрғыда кәсіби тәуекелдерді бағалау жүйесінің маңызы жоғары.

Өндірістік жаракаттану деңгейін төмендетудің негізгі тетіктерінің бірі – бағалау жүйесін енгізу. Өндірістік қауіпсіздік саласында практикалық органдардың, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың өкілдерін біріктіретін Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі сараптамалық кеңес құрылды. Бүгінде кеңестің жұмысы қолданыстағы тәуекелдерге жедел әрекет етуге, жүйелі шаралар әзірлеуге және мүдделі тараптардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді департамент басшысы.

Аймақта «Qatmet» акционерлік қоғамы, «Қазақмыс» корпорациясы, «Алтыналмас» және басқа да ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар осы



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ақпараттық жүйелерге мәліметтерді ұсынуға міндетті. Яғни, лауазымы, жұмыс орны мен режимі, еңбек жағдайлары, жалақысы, шарт мерзімі секілді деректер толық көрсетілуі тиіс. Осы мәліметтердің кез келгенінің болмауы заң бұзушылық болып есептеледі және жұмыс берушіге әкімшілік жауапкершілік қарастырылады, – деді Медеу Ахметов.

7 сәуірде Мемлекет басшысы қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістерге қол қойған. Өзгерістер маусым айынан бастап күшіне енеді.

Бұған дейін жазатайым оқиғаны тексеру кезінде комиссия кіші дәрежесін қызметкер мен жұмыс беруші арасында пайыздық арақатынаста бөлетін. Жаңа түзетулерге сәйкес бұл тәсіл өзгертілді. Енді



мазмұндағы жаңғыртудың ауқымды бағдарламаларын іске асырып, озық технологияларды белсенді енгізуде.

Қауіпсіздік мәселесі өндіріс орнындағы техникалық талаптармен шектелмейді. Ол еңбек қатынастарының дұрыс рәсімделуіне, жұмысшы құқығының қорғалуына және жазатайым оқиға болған жағдайда жауапкершіліктің әділ айқындалуына да тікелей байланысты. Осы тұрғыда биыл еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістердің маңызы зор.

Ендігі кезекте еңбек заңнамасындағы маңызды өзгерістерге назар аудару қажет. Еңбек кодексінің 23-бабына сәйкес, жұмыс беруші еңбек шарттарының есебін жүргізуге және белгіленген тәртіппен

комиссия зардап шеккен қызметкердің кінәсін анықтайды, бірақ, ол 25 пайыздан аспауы тиіс. Бұл өзгерістер қызметкерлерді қорғауды күшейтуге бағытталған. Тіпті, қызметкердің кінәсі болған жағдайда да, жұмыс беруші оған жазатайым оқиға үшін жауапкершілікті толық көлемде жүктемейді.

Жаңа нормаларға сәйкес, егер тараптар арасындағы қатынастарда еңбек қатынастарының ең болмағанда бір белгісі болса, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуға жол берілмейді. Мұндай белгілерге жұмыскердің белгілі бір мамандық немесе лауазым бойынша жұмыс орындауы, еңбек тәртіптемесіне бағына отырып міндеттерді жеке атқаруы және еңбегі үшін жалақы алуы



жатады. Осы белгілердің біреуі болған жағдайда қатынастар еңбек шартымен рәсімделуге тиіс.

Түйін

Ілгеріде сөз болғандардың бәрі еңбек адамының құқығын қорғауға, жұмыс берушінің жауапкершілігін арттыруға және өндірістік ортадағы қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға бағытталған. Өндірісті өңір үшін бұл талаптың мәні тіпті бөлек. Себебі, өңір экономикасының негізгі салаларында мыңдаған адам еңбек етеді. Әрбір жұмысшының аман-есен үйіне оралуы – кез келген өндірістік көрсеткіштен жоғары құндылық. Сондықтан, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттың алдын алу және еңбек заңнамасының сақталуын бақылау алдағы уақытта да басты назарда қала бермек.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ТМД жастарының жаңа орталығы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл өз кезегінде тәжірибе алмасуға, шетелдік жастар ұйымдарымен байланыс орнатуға және өңірдің туристік әрі инвестициялық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Мұндай мәртебе Қарағандының инфрақұрылымын дамытуға да серпін береді. Себебі халықаралық іс-шараларды өткізу үшін заманауи алаңдар, мәдени орталықтар мен жастар кеңістіктері қажет болады. Бұл бағыттағы жұмыстар қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етуі ықтимал.

Қарағанды – өндірісі мен білім саласы қатар дамыған ірі аймақтардың бірі. Мұнда бірнеше жоғары оқу орны, ғылыми орталықтар және жастар ұйымдары жұмыс істейді. Қаланың ТМД көлеміндегі жастар астанасы атануы заңды құбылыс ретінде бағалануда.

Өңір басшысы өз мәлімдемесінде бұл жауапты міндетті Қарағанды абыроймен атқаратынына сенім білдірді. Сондай-ақ, ол облыс тұрғындары мен Қазақстан жастарын айтулы жаңалықпен құттықтап, ел болашағы жастардың білімі мен жасампаздық рухына байланысты екенін атап өтті.

ТМД-ның Жастар астанасы мәртебесі Қарағандының халықаралық имиджін нығайтып, өңірдің мәдени-гуманитарлық байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Әсіресе, жастар дипломатиясы, білім беру және еріктілер қозғалысы бағытында жаңа серіктестіктер қалыптасуы мүмкін. Бұл бастама арқылы Қарағанды ТМД кеңістігіндегі белсенді жастарды біріктіретін маңызды алаңдардың біріне айналмақ.

Бүгінде өңірде жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда,

NEET санатындағы жастармен жұмыс, тұрғын үй бағдарламалары, гранттық қаржыландыру, стартаптарды қолдау және жұмыспен қамту мәселелері басты назарда. Сонымен қатар, жас мамандарды ауылдық жерлерге тарту, шығармашыл жастарды қолдау және еріктілер қозғалысын дамыту бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жалғасуда.

Мамандар халықаралық мәртебе өңірдегі туризм саласына да оң әсер етуі мүмкін екенін айтады. Себебі жастар форумдары, мәдени фестивальдер мен білім беру алаңдарына шетелдік қонақтардың келуі Қарағандының туристік тартымдылығын арттыра түседі. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету саласының дамуына, шағын және орта бизнестің белсенділігінің артуына ықпал етуі ықтимал.

Қарағанды облысында жастарға арналған инфрақұрылым да біртіндеп жаңарып келеді. Соңғы жылдары коворкинг орталықтары, шығармашылық алаңдар, спорт және демалыс кеңістіктері ашылып, жастар ұйымдарының жұмысына қолдау көрсетілуде. Алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу үшін бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі күшейтіледі деп күтілуде.

Жастар астанасы мәртебесі – тек бір жылдық атак емес, ол өңірдің болашақ дамуына бағытталған маңызды стратегиялық мүмкіндік. Сондықтан, алдағы жылдары Қарағандыда жастардың білім алуына, шығармашылықпен айналысуына және қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасауға басымдық берілімек. Бұл бастама өңір жастарының әлеуетін ашып қана қоймай, олардың халықаралық деңгейде танылуына жол ашады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Еріктілер өткізген ерекше шара



Абай қаласында жастар еріктілері бұл күні жалпыұлттық «Таза Қазақстан» акциясы аясында ерекше бір акция өткізді. Оның ерекшелігі сонда, жас еріктілер қаланың тамақтану және сауда орындарында, бизнес нысандарында болып, олардағы бір реттік шыныаяқтар мен тауар қаптамаларына «Таза Қазақстан» акциясының логотиптері мен ұрандарын жапсырып, орналастыруды көздеді.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ал аталған акцияның мақсаты да табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтарын насихаттау, жастар мен тұрғындар арасында жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тазалықты ұлттық брендке айналдыру болды. Сол үшін еріктілер тобы шағын және орта бизнес өкілдерімен бірлескен түрде қаладағы сауда нүктелерін, кофехана, асхана, дәмханаларды аралап шығып, тиісті логотиптер мен ұрандарды жапсырып, көздеген мақсаттарын жүзеге асырды. Шынында да, осыдан кейін қолындағы босаған бір реттік ыдысы мен орауы жазылып, ашылған қаптаманы кім де болсын кез келген жерге лақтырмай, тиісті орнына тастауы тиіс болады.

– Біз, жастар, экология мен тазалықтың күнделікті

өміріміздің ажырамас бір бөлігі болғанын қалаймыз. Мәселен, бір рет қолданылатын ыдыстар мен азықтүлік, тағы да басқа тауар пакеттері ұдайы қолданылатын нәрселеріміз болса, осы жолы соларға экологиялық логотиптер мен ұрандар жапсыру арқылы жұрттың жауапкершілік сезімін оятып, айнала ортаны таза сақтауға шақыруды міндет етіп қойдық. Бұған қала тұрғындары мен тұтынушылар да түсіністікпен қарап, өз қолдарымен білдірді, – деді осы шараны ұйымдастырған аудандық «Жастар рухы» жастар қанатының жетекшісі Лаура Дүйсенова.

Абай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан



Туған жерді туризм түлетеді

«Мен үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл – экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес – барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немісқайлыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту мәселесіне тоқталғанда осылай деген болатын.

Бүгінде бұл бағыт Қарағанды облысы үшін стратегиялық маңызға ие. Арқа жерінде туризм тек жазғы демалыспен шектелмейді. Өңірде қысқы туризм, этнотуризм, балалар және отбасылық демалыс бағыты қатар дамып келеді. Соңғы жылдары облыстың туристік картасы кеңейіп, бұрын көпшілік біле бермейтін табиғи аймақтар мен тарихи мекендер де саяхатшылар назарын аудара бастады. Басты мақсат – Қарағанды облысын тек маусымдық емес, төрт мезгілде де турист қабылдайтын өңірге айналдыру.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туризм – экономиканың жаңа тірегі

Бүгінде туризм – әлем елдерінің экономикасына айтарлықтай табыс әкелетін саланың бірі. Қазақстан бұл бағытты ұлттық экономиканың маңызды тетігі ретінде қарастырып отыр. Әсіресе, табиғи әлеуеті зор Қарағанды облысы үшін аталған саланың мүмкіндігі мол. Облыстағы негізгі туристік бағыттар қатарындағы Балқаш көлі мен Қарқаралы аймағы бұрыннан көш бастап келеді. Соңғы жылдары табиғи аймақтар, этноауылдар, тарихи орындар мен автотуризм бағыттары кезең-кезеңімен туристік картаға енгізілуде. Қарағанды облыстық туризм басқармасының мәліметінше, биыл өңірде туризм саласы бойынша 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Олардың қатарында қонақүйлер, демалыс аймақтары, кемпингтер, этноауылдар мен жол бойындағы сервистік нысандар бар. Облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская бұл жобалардың өңір экономикасына оң әсер ететінін айтады.


– Біз облыста туристік маусым-

ның жыл бойына жалғасуы үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Биыл туризм саласында 16 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде қонақүйлер, демалыс орындары, кемпингтер, этноауылдар және



жол бойындағы сервистік нысандар бар, – дейді ол.

Басқарма басшысының пікірінше, бұл жобалар ең алдымен шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді. Осылайша туризм өркендеген жерде қызмет көрсету саласы да жанданады. Қонақүй, тамақтану, көлік, гид қызметі, ұлттық өнім өндіру сияқты кәсіп түрлері қатар дамиды.



туристердің жол азабын азайтып, өңірге келуді әлдеқайда жеңілдетеді.

Қарқаралы мен Бектауатаға қызығушылық жоғары

Арқаның сұлу табиғатын айтқанда Қарқаралы ұлттық табиғи паркі ерекше аталады. Қарағайлы нурман, көлдер мен тау шатқалдары туристердің қызығушылығын тудырып, жеңіл көлікпен де келуге мүмкіндік туғызады. Қазір Қарқаралыда жаңа туристік нысандар салу жұмыстары жанданып отыр.

Туризм басқармасының мәліметінше, ұлттық паркте өткізілген конкурстар нәтижесінде алты кәсіпкер туристік жобаларды жүзеге асыру үшін жер телімдерін ұзақ мерзімге жалға алған. Бұл жерде экологиялық туризмге ба- сымдық берілме. Мамандар та- биғи тепе-теңдікті бұзбай, тури- стік әлеуетті тиімді пайдаланудың маңызын ерекше айтып отыр.

Сонымен қатар, пилоттық жоба ретінде Бектауата аумағын дамыту көзделген. Бұл аймақ ерекше табиғатымен, жартастарымен және тарихи аңыздарымен танымал. Visit Karaganda туристік ақпараттық орталығының директоры Бақтияр Бекмұрзаев жаңа бағыттардың болашағы зор екенін айтады.

– Біз автотуризмді, табиғи маршруттарды және этномәдени демалысты дамытуда үлкен мүмкіндік көріп отырмыз. Шабанбай би, Успенское ауылдары мен Шунак кратері саяхатшыларды тарта- тын жаңа орталықтарға айналуы мүмкін, – дейді ол.

Этнотуризмге сұраныс бар

Соңғы уақытта халықтың ұлттық мәдениетке қызығушылығы

артып келеді. Осыған байланысты этнотуризм де қарқын алып отыр. Әсіресе, Шабанбай би ауылы туристер жиі баратын орындардың біріне айнала бастады. Мұнда қазақы тұрмыс, ұлттық тағамдар, атқа міну мәдениеті мен салт-дәстүрді насихаттайтын жобалар қолға алынады. Туризм мамандарының айтуынша, шетелдік туристерді дәл осындай табиғи әрі ұлттық ерекшелігі сақталған мекендер көбірек қызықтырады. Этнотуризмнің тағы бір артықшылығы – ауыл экономикасын дамытуға ықпал етуі. Турист келген жерде жергілікті халық та табыс табады. Қолөнер бұйымдарын сату, ұлттық тағам дайындау, қонақ күту қызметі арқылы ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндік ашылады.

Қазіргі таңда облыста балалар туризмі де назардан тыс қалған жоқ. Нұра ауданында «Дарынды бала» атты жыл бойы жұмыс істейтін лагерь ашылмақ. Жоба аясында балаларға арналған білім беру, спорттық және сауықтыру бағдарламалары ұйымдастырылады. Бұл әсіресе ауыл балалары үшін маңызды мүмкіндік. Педагогтердің айтуынша, мұндай орталықтар балалардың тек демалуына ғана емес, шығармашылық және интеллектуалдық дамуына да әсер етеді.

Қауіпсіздік пен сервис – маңызды

Туризмді дамыту тек әдемі табиғатпен шектелмейді. Ең маңызды мәселенің бірі – туристердің қауіпсіздігі мен оларға сапалы қызмет көрсету. Сол себепті, Балқаш жағалауында бейнебақылау камералары орнатылып жатыр. Мәселен, жаз бойы Торанғалық пен Шұбартүбек кенттерінде тәулік бойы жедел жәрдем бекеттері жұмыс істейтін болады. Ал, Балқашта



екі модульдік құтқару станциясы ашылады. Бұдан бөлек, облыста 70 қоғамдық құтқарушы арнайы оқытудан өтуде. Интернет байланысын жақсарту мәселесі де қолға алынған. Балқаштың туристік аймақтарында 16 антенналық-дінгекті құрылғы орнатылады.

Ал, Қарқаралыда да жаңа байланыс нысандары пайда болады. Бүгінде «Қарағанды-Балқаш» тас-жолында электрлі көліктерге арналған қуаттау станциялары іске қосылған. Бұл жұмыстардың барлығы туристерге қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Фестивальдар өңірдің брендін айналды

Қарағанды облысында турист тартудың жаңа тәсілі ретінде фестивальдарға да басымдық берілуде. Жыл бойы гастрономиялық, этномәдени шаралар, ат турлары, джип-турлар мен туристік слеттер ұйымдастыру жоспарланған.

Солардың ішіндегі ең ірі жобалардың бірі – Balkhash Tour Fest. Бүгінде бұл фестиваль республикалық іс-шаралар күнтізбесіне еніп, өңірдің туристік брендіне айналып келеді. Мәдениеттанушылар мұндай шаралар аймақтың имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын айтады.

– Турист тек табиғатты көру үшін емес, ерекше атмосфера мен әсер алу үшін де келеді. Туризм – өңірдің ертеңіне салынған инвестиция. Алдын ала есеп бойынша биыл Қарағанды облысы аумағына шамамен 600 мың турист келеді деп күтілуде. Оның 40 мыңға жуығы – шетелдік қонақтар. Бұл көрсеткіш өңір туризмінің жыл сайын дамып келе жатқанын аңғартады, – деді Бақтияр Бекмұрзаев.

Visit Karaganda орталығы мамандарының сөзіне сүйенсек, егер қазіргі жобалар жүйелі түрде жалғасса, Қарағанды облысы алдағы уақытта Қазақстандағы ең ірі туристік орталықтардың біріне айналуы әбден мүмкін. Өйткені, бүгінде Балқаш пен сұлу Қарқаралы табиғаты, оған қоса ұлттық болмысы сақталған ауылдары тек жергілікті жұртты ғана емес, әлем туристерін де қызықтыра бастады. Оған қоса, әлеуметтік желідегі бейнероликтердің басым көпшілігі Орталық Қазақстан өңірінің табиғатына арналып түсірілуде.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Құндылыққа негізделген тәрбие

Шет ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Шет ауданындағы «Фатих Сұлтан» балабақшасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары негізінде мектепке дейінгі жастағы баланың жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру» тақырыбында ауқымды аудандық басқосу өтті. Тағылымды шараға Ақсу-Аюлы, Ақжал, Кінікті, Босаға ауылдық кенттеріндегі жекеменшік балабақшалардың басшылары, тәрбиешілері мен шағын орталық педагогтері қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Негізгі мақсат – «Адал азамат» тұжырымдамасының мазмұнын терең ашып, оны мектепке дейінгі тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын көрсету, педагогтің тұлғалық рөлін күшейту және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие моделін насихаттау. Балабақша ауласындағы «Жасыл алаң – табиғат аясында» атты тақырыптық көрме келген қонақтарды бірден ерекше әсерге бөледі. Ұлттық нақышта тігілген ақ шаңқан киіз үй, мерекелік сәнмен безендірілген баннерлер, қолөнер көрмелері көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Ауылдардан келген тәрбиешілер түрлі табиғи және тұрмыстық заттардан жасаған қолөнер бұйымдарын, ертегі кейіпкерлерін, ұлттық нақыштағы туындыларын ұсынып, шығармашылық ізденістерін паш етті.

Шара барысында табиғатты қорғау, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыру, бала бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру бағытындағы жұмыстар кеңінен көрсетілді. Осы тәрбиешілер бұлдіршіндермен бірге «Әрқашан күн сөнбесін» атты те-

атрландырылған қойылым қойды. Қойылымда Жер-Ана, Күн мен Ай бейнелері арқылы табиғат пен адам арасындағы үйлесім, татулық пен мейірім идеясы көркем жеткізілді.

Аудандық білім бөлімінің әдіскері Жұлдыз Адамқұлова қатысушыларды құттықтап, мектепке дейінгі тәрбие – ұлт болашағының негізі екенін атап өтті.

«Жасыл балабақша» жобасы аясында табиғат құбылыстарын бақылауға арналған метеостанция макеті таныстырылды. Бұл жоба балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттырып, экологиялық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Балабақша менеджері Гүлшара Ахметова жобаның маңыздылығына тоқталып, оны аудан көлеміндегі барлық мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу жөнінде ұсыныс білдірді. Ал макетті дайындауға Ақжал кентіндегі «Сұлтан-3» балабақшасының өкілі Еркін Рахымбеков үлес қосты.

Педагогтер шеберлік сағаттары мен танымдық жұмыстарын ортаға салды. Ақжал кентіндегі «Сұңқар» ересектер тобының тәрбиешісі Жансая Сағадиева



«Ормандағы достар» ертегісін сахналап, ертегі терапиясының бала тәрбиесіндегі рөлін көрсетті.

Ұлттық тәрбиеге бағытталған жұмыстар да кенінен қамтылды. Кінікті ауылындағы «Сұлтан-2019» балабақшасының тәрбиешісі Айдана Болатқали «Ұлт құндылығы – ұрпаққа аманат» тақырыбында шеберлік сағатын өткізіп, қазақ халқының салт-дәстүрі мен рухани мұрасын бала тәрбиесіне енгізудің маңызын түсіндірді. Ал, осы балабақшаның әдіскері Мейрамқұл

Исмағұлова «Этноауыл» ойыны арқылы педагогтермен сергіту сәтін ұйымдастырды. «Фатих Сұлтан» балабақшасының тәрбиешісі Нұргүл Қасымова «Сыңарлы күлте гүл» атты қолөнер жұмысын таныстырып, балалардың ой-өрісін дамытуға арналған әдістерімен бөлісті.

«Босаға» балабақшасының тәрбиешілері Айзат Тәттібаева мен Аяулым Шалтай «Ұлттық құндылықтар – біздің байлығымыз» атты дидактикалық ойындар өткізіп, қатысушыларды белсенді жү-



мысқа тартты. Сонымен қатар, Ақжал кентінің педагогі Гүлсім Рахымбекова «Апамның алтын оймағы» тақырыбында STEM бағытындағы шеберлік алаңын ұйымдастырып, тәрбиешілерге тың әдіс-тәсілдер ұсынды.

Тағылымды жиынның әсерлі сәттерінің бірі – тұсаукесер рәсімі болды. Арнайы шақырылған ақын Дидар Қамиев балабақшада тәрбиеленіп жатқан көпбалалы аналардың балалары Айша мен Расулдың тұсауын кесіп, бұлдіршіндерге лебізін арнады.

Шара соңында ұйымдастырушылар бүгінгі тәрбиенің басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, табиғатты сүйетін, елін құрметтейтін, еңбеккер әрі адал ұрпақ тәрбиелену екенін атап өтті.

Ләззат МЕЙРАМҚЫЗЫ
Шет ауданы

Сурет автордан

Шегіртке шырғалаңы шығынды еселейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында: «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» деп атап өткен еді. Расында, аграрлық саланың тұрақты дамуы егістік пен жайылымдық алқаптарды, төрт түлікке қажетті жемшөп қорын зиянкестерден тиімді қорғаумен тікелей байланысты. Көктем шығып, күн жылына бастағаннан-ақ өңір аудандарында шегіртке тектес зиянкестердің көбеюі қалыпты құбылысқа айналған.

Былтыр облыста мұндай жәндіктердің таралу деңгейі жоғары болған. Биыл да осы жағдай қайталануы мүмкін деген болжам жасап отыр мамандар. Осы мақсатта өңірде зиянкестерге қарсы 80 100 гектар аумаққа химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілмек. Осыған орай Қарағанды облысы аумағында шегіртке тектес зиянкестерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды үйлестіруге арналған кошпелі штаб отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков пен Ауыл шаруашылығы министрлігі Агрооңкерсінгік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрағасы Сәкен Қаныбеков қатысып, өңірдің маусымдық жұмыстарға дайындығын пысықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Техника сақадай сай

Биыл шегіртке тектес зиянкестерге қарсы күрес жұмыстарына 14 жүресті бүріккіш техника, екі аса жеңіл ұшақ және бір аэрозольді генератор тартылған. Жоспарға сәйкес, жерүсті желдеткіш бүріккіштері арқылы 25 мың, аэрозольді генераторлар көмегімен 16,8 мың гектар алқап химиялық өңделеді. Ал, аса жеңіл авиацияның қатысуымен – 38,3 мың гектар. Жалпы алғанда, 80 100 гектар аумаққа фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру үшін 178 маман мен 114 арнайы техника жұмылдырылған. Сонымен қатар, зиянкестердің таралу аймағын анықтап, мониторинг жүргізу мақсатындағы зерттеу жұмыстарына 130 маман тартылды.

– Негізгі жұмыстар енді басталады. Дегенмен, біз алдын

стырылуы мен Үкімет тарапынан қаржының уақытылы бөлінуінің нәтижесі деп есептейміз. Қазіргі таңда бұл мәселе министрліктің тұрақты бақылауында, – деді Сәкен Әсембекұлы.

Химиялық өңдеу жұмыстары ең ауқымды көлемде Қарқаралы мен Шет ауданы аумақтарында. Екі ауданда жалпы көлемі 26 200 гектар жер зиянкестерге қарсы өңделеді. Одан кейін Ақтоғай ауданы тұр. Мұнда 16,4 мың гектар аумақ химиялық өңделеді. Сондай-ақ, Бұқар жырау, Абай, Нұра және Осакаров ауданы аумағында да жүргізіледі.

Жұмыстың сапасына мердігер жауапты

Шегіртке тектес зиянкестерге қарсы күресте қолданылатын жерүсті бүріккіш техникалардың сыйымдылығы – 200 тонна. Олардың тәуліктік өнімділігі шамамен 80 гектар жерді өңдеуге жетеді. Сонымен қатар, қажетті



таулы және күрделі аумақтарға дрондар тиімді, – деді Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспекция бөлімінің басшысы Айбек Сәкімбаев.

Бұған дейін шегірткеге қарсы күреске қажетті техника, химиялық препараттар және залалсыздандыру жұмыстарының әрқайсысы бөлек конкурс арқылы өтеді. Былтырдан бері бұл жүйеге өзгеріс енгізіліпті. Бұдан былай жаңа өзгерістер бойынша барлық жұмыс бір ғана конкурс аясында ұйымдастырылатын болған. Яғни, тендерді жеңіп алған мердігер қажетті техникамен өзі қамтамасыз етіп, химиялық препараттарды да өз қаражатына сатып алады. Өрі залалсыздандыру жұмыстарын да толықтай өз күшімен жүргізетін болған.

Үйірлі шегірткенің үлесі көп

Биыл фитосанитариялық іс-шараларды атқаруға арналған тендерді қайтадан «Бағжан» мердігерлік ұйымы жеңіп алған. Биыл өңірге санитарлық жұмыстарды жүргізу үшін 14 бірлік көлік техникасы және 195 ат күші бар аэрозольді өңдеу техникасын жұмылдырмек.

– Шегірткенің жас ерекшелігі

шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына қаржы республикалық бюджеттен бөлінеді. Ал, саяқ шегірткеге қарсы шаралар жергілікті әкімдіктердің қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылады. Өткен жылы саяқ шегірткеге қарсы 83 400 гектар жер өңделсе, биыл бұл көрсеткіш 85 800 гектарға дейін ұлғайтылып отыр. Саяқ шегірткеге қарсы арнайы дрондар жұмылдырылмек. Былтыр осы дрондар үйірлі шегірткеге қарсы күресте қолданылған. Әсіресе, техника жете бермейтін



ала келіп, дайындық барысын және техникалардың әзірлігін пысықтап шықтық. Мемлекет тарапынан қажетті қаржы бөлініп, тиісті техника мен мамандар толық жұмылдырылды. Біз бұл бағытта жыл сайын тәжірибе жинақтаған мердігер ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейміз. Соның нәтижесінде осы уақытқа дейін егістік алқаптарына айтарлықтай залал келген жоқ. Мұны штаб жұмысының дер кезінде ұйымда-

тракторлар да шаруашылықтар тарапынан жұмылдырылған. Ал, аса жеңіл авиацияның мүмкіндігі бұдан әлдеқайда жоғары. Мұндай ұшақтар бір күнде 800 гектарға дейін алқапты химиялық өңдеуден өткізеді.

Бұдан бөлек, шаруашылықтар қосымша аспалы бүріккіштерді де іске қосқан. Арқаға асатын құрылғылардың көмегімен бір адам тәулігіне бес гектарға дейін жерді өңдей алады. Сый-

ымдылығы 500 литрлі «УАЗ» маркалы жеңіл көліктерін де пайдаланады. Олар күніне 40 гектарға дейін аумақты өңдей алады. Қазіргі таңда заманауи дрондарды да қолданбақ. Сыйымдылығы 40 литр дронның тәуліктік өнімділігі – шамамен 50 гектар. Өрбір 10 гектар жер өңделген сайын дрондардың бағы қайта толтырылады.

– Жалпы, шегіртке тектес зиянкестер үйірлі және саяқ шегіртке болып екіге бөлінеді. Үйірлі



гіне қарай екі түрлі препарат қолданылады. Жалпы, химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге үш ай мерзім қарастырылған. Ал, шегіртке шамамен 23 күн ішінде толық дамып жетіледі. Сондықтан, зиянкестер толық жетіліп, жаппай таралып кетпей тұрып, дер кезінде өңдеу жұмыстарын жүргіземіз. Қазіргі таңда қажетті техника да, химиялық препарат қоры да жеткілікті, – деді мердігер компанияның маманы Табиғат Исабеков.

Биылғы маусымда зерттеу жұмыстарына барлығы 130 маман тартылған. Олардың ішінде, аса қауіпті және өзге де зиянкестерді зерделеу жұмыстарымен Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы тікелей айналысады. Бұл орталық шегіртке таралған аумақтарды анықтап, өңдеу шаралары қажет жерлерді нақтылап, тиісті белгілеулер жүргізіп отырады. Штаттық құрылымға сәйкес орталықта 51 маман бекітілген. Дегенмен, жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен қосымша тағы 79 маман тартылып, жұмысқа жұмылдырылды. Сөйкесінше, биыл сала мамандарының саны өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан.

Ал, химиялық өңдеу жұмыстарының сапасы мен барысына бақылау жүргізу толықтай инспекцияның жауапкершілігіне жүктелген. Осы бағытта облыстық және аудандық деңгейдегі инспекциялардан жалпы 40 маман тартылды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан саяқ шегірткеге қарсы жүргізілетін химиялық өңдеу шараларын бақылау үшін қосымша сегіз маман жұмылдырылған.

– Былтыр Шет, Қарқаралы, Ақтоғай және Бұқар жырау ауданы бойынша зерттеу жүргізіліп, болжам жасалған. Биыл сол зерттеу жұмыстарының нәтижесімен жұмыс істеп жатырмыз. Одан бөлек, егістік алқаптарда ауру түрі кең тараламаған. Аздап септориоз ауруы кездесіп жатыр. Бірақ, шаруашылықтар өз күшімен өңдеу жұмыстарын жасап жатыр, – деді аталған орталықтың Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Нүргүл Шарипова.

Түптеп келгенде, түпкі мақсат – ауыл шаруашылығы дақылдарын, мал азығы өнімдерін түрлі зиянкестер мен аурулардан тазарту. Осы мақсат жолында мамандар бар білімін, тәжірибесін, күш-қуатын сарп етіп, еңбек етіп келеді. Еңбек ете береді де.

Суреттерді түсірген автор

• ЭКОЛОГИЯ

Табиғаттың тағдыры мен тынысы

Табиғатты қорғау – кез келген өңірдің экологиялық тұрақтылығы мен болашағын айқындайтын ең маңызды бағыттың бірі. Қарағанды облысы Қазақстанның орталығында орналасқан ірі өнеркәсіптік аймақ болғандықтан, мұнда экологиялық мәселелер ерекше өзектілікке ие. Қарағанды облысында орман мен жануарлар дүниесін қорғау бағытында жұмыстар күшейтілген. Қыс мезгілінен кейін балықтардың жаппай қырылуы мен киіктердің шығыны тіркеліп, табиғи органы сақтау бойынша шұғыл шаралар қолға алынды.

Жануарлар дүниесі де осы экологиялық жүйенің маңызды бөлігі. Қарағанды өңірінде әртүрлі жабайы жануарлар мекендейді. Олардың арасында «Қызыл кітапқа» енген сирек түрлері де бар. Бұл жануарлар табиғи тепе-теңдіктің сақталуына тікелей әсер етеді. Оларды қорғау үшін арнайы инспекциялар мен жедел топтар жұмыс істейді.

Қарағанды облысы шаруашылығының орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі жедел тобының басшысы

Бекайдар Жакуповтың айтуынша, қыс мезгілінен кейін табиғи ортада белгілі бір қиындықтар тіркелген.

«Қазіргі уақытта қыс кезеңінен шыққан балықтардың жаппай қырылу фактілері байқалуда. Осыған байланысты тиісті жұмыстар жүргізіліп, өлекселер жиналуда. Мәселен, Осакаров ауданына қарасты Есіл ауылындағы су айдынында бұл бағыттағы жұмыстар жүзеге асырылды», – деді Бекайдар Жакупов.

Қазақстандағы ең маңызды



экологиялық тақырыптың бірі – Saiga antelope популяциясының жағдайы. Киіктер – далалық экожүйенің маңызды бөлігі.

Соңғы жылдары олардың саны айтарлықтай өсіп, 2019 жылы шамамен 842 мың болса, 2023 жылы 1,9 миллионнан асты. 2024

жылы 2,8 миллионнан асып, 2025 жылы шамамен 3,9 миллион басқа жеткен. Бұл тарихи өсім болып саналады. Алайда, популяцияның күрт өсуі экожүйеге қосымша жүктеме түсіріп, оны реттеу қажеттілігін туындатады.

Бұл бағытта да белгілі бір мәселелер бар. Жедел топ басшысының айтуынша:

«Сонымен қатар, қыстан аман шыға алмаған киіктердің де белгілі бір бөлігі анықталып, Абай ауданы Топар ауылдық округіне қарасты Сулы Мадина аумағында тиісті шаралар қабылдануда», – деп атап өтті.

Киіктердің жағдайына жұқпалы аурулар, климаттық өзгерістер және адам әрекеті әсер етеді. Сондықтан, олардың популяциясын бақылау және қорғау жұмыстары кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Мамандардың айтуынша, браконьерлік те өзекті. Заңсыз

аң аулау жануарлар санына кері әсер етеді. Осыған байланысты бақылау шаралары күшейтіліп, заң бұзушыларға қатаң жауапкершілік қарастырылған.

Соңғы жылдары табиғатты қорғау саласында заманауи технологиялар қолданылып келеді. Дрондар, GPS жүйелері және бейнебақылау құралдары табиғи аумақтарды бақылауды жеңілдетеді.

Қарағанды облысында орман мен жануарлар дүниесін қорғау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, климаттық өзгерістер браконьерлік және табиғи факторлар бұл салада әлі де күрделі мәселелердің бар екенін көрсетеді. Табиғатты сақтау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Диляра ЖАҢБЫРБАЕВА,
ҚарҰЗУ II курс студенті

• ФЕСТИВАЛЬ

Театрлар салтанаты

Театр өнерін сүйетін көрерменнің назары Қарағандыға аумақ. Кеншілер шаһарында 4-7 маусым күндері І Халықаралық шағын театр формалары фестивалі өтеді. Шығармашылық іс-шара Музыкалық комедия театры мен «Буратино» студиясының алаңдарында ұйымдастырылады. Көрермен эксперименталды театр мен камералық өнердің ерекше атмосферасын тамашалай алады. Фестивальге Қазақстан, Ресей мен Қырғызстан және Өзбекстанның театр ұжымдары қатысады.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Шағын театр формасы – әрбір деталь, әр қимыл мен сөз зор маңызға ие болатын жанр. Мұндай қойылымдарда көрерменнің назары пластика мен эмоцияға

шоғырланады. Бұл – театр өнерін назары сахналық декорация мен сыртқы әрекетке емес, ең алдымен музыкаға, дауыс бояуына, оркестр тынысына, хор мен солистердің орындаушылық қуатына ауады. Шығарманың ішкі драмасы, Абай болмысының тереңдігі мен казак әнінің кең тынысы алдыңғы қатарға шығады.

Бағдарламада сегіз спектакль бар. Ертегі мен драмдан бастап, моноопера мен стендапқа дейін қамтылған.

Атап айтқанда, Қарағанды

академиялық музыкалық комедия театры фестивалде екі қойылым ұсынады. 4 маусымда қуыршақтармен қойылатын «Махаббат туралы аңыз» (16+) пластикалық спектаклін көрсетеді. Ал, 7 маусымда «Жалғыз» (14+) моносспектаклінің премьерасымен түйінделеді.

Ресейдің Жуковский қаласынан келетін «Стрела» драма театры стендап-ретрит жанрындағы «Жалаңаш» (18+) спектаклін алып келеді. Қойылым Үндістандағы буддистік монастырьға материал іздеп барған журналист қыздың оқиғасына негізделген.

Қазақстан, Өзбекстан және Ресейдің қуыршақ театрлары балаларға арналған «Қоңыз, өрмекші және көбелек», «Алтын бұлбұл», «Эджернонга арналған гүлдер» спектакльдерін сахналайды. Бұлардың барлығы – әлемдік деңгейде классика деп мойындалған шығармалар.

Франсис Пуленктің «Адам дауысы» және Джан Карло Меноттидің «Телефон» моноопераларын Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры қояды. 16 жастан асқан көрермендерге арналған қойылым жаппай телефондандыру мен адамдардың гаджетке тәуелділігі мәселесін қозғайды.

Владимир Набоковтың романы желісімен қойылған «Король. Дама. Валет» (14+) психологиялық драмасын Қырғызстаннан келген театр ұжымы көрсетеді. Фестиваль аясындағы барлық спектакльдерге кіру тегін.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Арқадағы Абай үні

Хакім Абайдың бейнесі енді опера тілімен сөйлейді. Кеншілер шаһарында алғаш рет Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің әйгілі «Абай» операсы концерттік форматта орындалмақ. Ұлттың темірқазығына айналған кемеңгердің ақыл-ойы мен парасаты бұл жолы сыртқы декорациясыз, тек таза музыка мен асқақ дауыстың күдіретімен көрермен жүрегіне жол тартпақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр екі өнер ұжымы достық және шығармашылық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Енді сол игі әріптестіктің алғашқы ірі нәтижесі ретінде консерватория түлектері Қарағанды көрерменіне өздерінің дипломдық жұмысын ұсынғалы отыр. Тағылымды кеш 29 мамыр күні сағат 18:30-да Кеншілер мәдениет сарайында өтеді.

Жоба жас орындаушылар үшін де, өңірдің мәдени өмірі үшін де аса маңызды. Себебі, бұл жолы классикалық опера толық сахналық қойылым түрінде емес, концерттік форматта ұсынылады.

Мұндай нұсқада көрермен назары сахналық декорация мен сыртқы әрекетке емес, ең алдымен музыкаға, дауыс бояуына, оркестр тынысына, хор мен солистердің орындаушылық қуатына ауады. Шығарманың ішкі драмасы, Абай болмысының тереңдігі мен казак әнінің кең тынысы алдыңғы қатарға шығады.

Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің 1944 жылы жазған «Абай» операсы – казак кәсіби музыкасының алтын қорына енген іргелі туынды. Мұхтар Әуезовтің либреттосына негізделген шығармада ұлы ақынның адамдық, ойшылдық, ағартушылық болмысы опералық кеңістікте ғажайып үйлесім тапқан. Мұнда Абай тек тарихи

тұлға ретінде ғана емес, ел ішіндегі ескілікпен күрескен, әділетті аңсаған, халық санасын оятуға ұмтылған рухани биік тұлға ретінде көрінеді.

Бұл туындының тағдыры да казак мәдениетінің үлкен белестерін еске салады. Алғаш рет Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында қойылған шығарма кейін шетелдік сахналардың да назарын аударды. Мәселен, өткен жылы «Астана Опера» әртістері бұл шығарманы Мәскеудің Үлкен театрында сәтті ұсынды. Опера араға 66 жыл салып, Ресейдің айтулы сахнасында мәскеулік көрерменмен қайта қауышты. «Видеть музыку» халықаралық фестивалі аясында көрсетілген қойылым казак опера өнерінің биік деңгейін тағы бір дәлелдеді.

Енді осындай салмағы бар классикалық шығарма Қарағанды терізде шырқалады. Консерватория түлектері басты партияларды орындаса, Қарағанды академи-



ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ

ялық музыкалық комедия театрының хоры мен симфониялық оркестрі оларға сүйемел болады. Опера түпнұсқа тілінде орындалмақ.

Өндірісті өңірдің мәдени кеңістігінде ұлттық опера өнерінің інжу-маржаны саналатын «Абай-Музыка» шырқалуы – рухани өмірдің жаңа тынысын аңғартады. Әсіресе, Абайдың адамгершілік, білім, әділет пен ар тазалығы туралы ойлары бүгінгі қоғам үшін де өте өзекті. Ал, сол кәсіпкерлік ойлардың музыка тілімен берілуі көрерменге өзгеше әсер, айрықша рухани азық сыйлары анық.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Өндіріс кешенінің құрылысы басталды

Теміртаудағы металлургиялық комбинатта өндірістік қуаттарды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. «Qazmet» компаниясының ірі инвестициялық жобасының бірі – жаңа сортопрокат кешенінің құрылысы белсенді кезеңге өтті. Құрылыс алаңында алғашқы металл тіреудің орнатылуы жаңа өндірістік нысанның нақты қалыптасу үдерісінің басталғанын аңғартады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Болашақ сортопрокат цехы кәсіпорынды ұзақ мерзімді жаңғырту бағдарламасының маңызды бөлігі саналады. Жоба технологиялық жаңаруға, өндірістік мүмкіндіктерді кеңейтуге және қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағытталған. Қазір құрылыс алаңында кешенің негізгі қаңқасы қалыптаса бастады. Мамандардың айтуынша, жоба іске қосылғаннан кейін компанияның ішкі және сыртқы нарықтағы металл өнімдері сегментіндегі бәсекеге қабілеті арта түспек.

Жаңа өндіріс орны жылына қосымша 540 мың тоннадан астам өнім шығаруға мүмкіндік береді. Мұнда құрылыс саласында кең сұранысқа ие А600 және А1000 маркалы жоғары берікті арматуралар, сондай-ақ, бұрыштық про-



фильдер мен швеллерлер өндіріледі деп жоспарланған. Өнім түрлерінің көбеюі компанияның құрылысқа арналған металл прокаты нарығындағы үлесін ұлғайтуға жол ашады.

Компания өкілдерінің мәліметінше, бұл жоба металлургиялық өндірістің тиімділігін арттыруға және қайта өңдеу бағыттарын дамытуға негізделген стратегиялық бағдарламаның бір бөлігі болып табылады. Жаңа сортопрокат кешені Теміртаудағы комбинатты технологиялық тұрғыда жаңғыртудың негізгі нысандарының біріне айналмақ.

Қазіргі уақытта кәсіпорында

бірнеше ауқымды инфрақұрылымдық және өндірістік жобалар қатар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, №8-9 жаңа кокстық батареялардың құрылысы, ыстық мырыштау және полимерлік жабындар желісін іске қосу, сондай-ақ, заманауи құю-прокаттау кешенін салу жұмыстары жүргізілуде.

Ауқымды жаңғырту бағдарламасы өндіріс көлемін арттырумен қатар, өнім сапасын жақсартуға және технологиялық тұрғыдан сұранысқа ие металл өнімдерін шығаруға бағытталған. Бұл өз кезегінде кәсіпорынның нарықтағы тұрақтылығын күшейтіп, қа-

зақстандық металлургияның халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал етпек. Теміртау үшін мұндай жобалардың стратегиялық маңызы зор. Өндірістік қуаттарды жаңарту жаңа жұмыс орындарын ашуға, өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға және металлургия саласына қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи технологияларды енгізу өндірістік қауіпсіздік деңгейін көтеруге де оң әсерін тигізеді.

Сурет «Qazmet» телеграм парақшасынан

• ТУРНИР

Жеңіске жігер жеткізеді

Алматы облысының Қарғалы ауылында зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі жандар арасында шағын футболдан SENI CUP-2026 Қазақстан республикалық турнирі өтті. Екі күнге созылған дүбірлі доғаға еліміздің төрт өңірінен 13 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Солардың қатарында аймақ намысын қорғаған командалар да жоғары нәтиже көрсетіп, жүлдегерлер қатарынан көрінді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық турнирге Алматы, Қарағанды, Ақмола және Қызылорда облыстарынан келген футболшылар қатысты. Жарыс екі кіші топ бойынша ұйымдастырылды. Топтық кезеңнен үздік шыққан командалар жартылай финал мен финалда ел кубогы үшін бақ сынады.

Қарағанды облысының атынан жарысқа бірден төрт команда қатысты. Олар – Қарағанды қаласындағы №2 және №3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының, сондай-ақ, Саран қаласы мен Қарқаралы ауданының арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының тәрбиеленушілерінен құралған командалар.

Әсіресе, Қарқаралы ауданының «Сарыарқа» командасы «Б» кіші тобында сәтті өнер көрсетіп, жоғары нәтиже көрсетті. Ал, Саран қаласының «Спарта» командасы «А» кіші тобында ойнап, күміс жүлдегер атанды. Команданың ойыншысы Артем Гайнутдинов турнирдің «үздік сұрмергені» деп танылды.

Қарағанды қаласынан қатысқан «Жеңіс» командасы да намысты қолдан бермей, қол жеткізгеніне қанағаттанбады. Турнирдегі әр матч тартысты өтіп, командалар соңғы минутқа дейін барын салды.

– Турнир өте тартымды әрі қарқынды өтті. Әр ойынның өз салмағы, өз жауапкершілігі бар. Қатысушылар қарсыластарының шабуылына лайықты төтеп беріп, қиын сәттерде бір-біріне қолдау көрсете білді. Мұндай жарыстар спорттық нәтиже үшін ғана емес, тәрбиеленушілердің өзіне деген сенімін арттыруға, қоғаммен ете-

не араласуы және командалық рух қалыптастыруға тұрғысынан да маңызды, – дейді команданың бас бапкері Мұхаметқарім Мұсатаев.

Қарқаралы ауданы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Нұрболат Донғұловтың айтуынша, олардың шәкірттері SENI CUP шағын футбол жарыстарына бұған дейін де бірнеше мәрте қатысып, тұрақты түрде үздіктер қатарынан көрініп келеді.

– Біздің жігіттер бұл жолы да биіктен көрінді. Олар екі дивизионда бес командамен бас жүлде үшін күресті. Әр ойынға жауапкершілікпен қауап, алаңда бар мүмкіндігін көрсетті. Бұл, ең алдымен, команданың бас бапкерінің жүйелі еңбегінің нәтижесі. Жаттығу барысында бабалардың тек физикалық дайындығына ғана емес, олардың өзара түсінісуіне, ойын тәртібіне, сенімді қимылдауына да ерекше көңіл бөлінеді, – дейді Нұрболат Донғұлов.

Бұл жолғы SENI CUP-2026 турнирі қарағандылық командалар үшін табысты аяқталды дегуге толық негіз бар. Бірі күміс, бірі қола жүлдеге қол жеткізсе, жекелеген ойыншылар үздік аталымдар бойынша марапатталды. Ең бастысы, қатысушылар алаңда жеңіске деген жігерін, спортқа деген сүйіспеншілігін және нағыз командалық рухты көрсетті.

Сурет облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметінен

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Түризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

АЛҒЫС АЙТУ

1992 жылдан бастап осы күнге дейін Ақтоғай ауданының өсу, даму, өркендеу жолында ел тізгінін ұстаған басшы азаматтар, Сіздерге, менің 90 жасқа толу мерейтойыма байланысты шынайы құттықтау жолдағандарыңызға алғысым шексіз, ризашылықпен рахметімді айтамын.

Сіздерге, отбастарыңызға дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, бойларыңызға қуат, ойларыңызға имандылық, еңбекте абыройлы болуға Алла нәсіп етсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бейбіт өмір болсын!

Құрметпен Тұрғанбек Түсіпбайұлы.

• КЕШ

Тынымсыз ғұмырдың тағылымы

«Немене жетістің, бала батыр, қариялар азайып бара жатыр», – деп мұзбалақ ақын Мұқағали айтқандай, күн өткен сайын елдің жадын, жердің шежіресін, ұлттың рухани тамырын бойына сақтаған қазыналы қарттардың қатары сиреп барады. Сол сирек тұлғалардың бірі – саналы ғұмырын қазақ руханиятына, өлке тарихын түгендеуге, Алаш мұрасын ұлықтауға арнаған белгілі өлкетанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұңғышбай Мұқан. Биыл сексеннің сегізінше мерейтойына жеткен қайраткердің «Тынымсыз ғұмырым» атты мерейтойлық кеші Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде өтті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқалы жиынға жиналған жұрттың қарасы қалың еді. Кеш шымылдығын мерейтой иесінің өзі аяғынан тік тұрғызып, өнер өрісіне жол ашқан «Тоқырауын толқындары» ансамблі ашты. Өн әуелеп, күй күмбірлеген сәттен-ақ зал ішін ерекше бір жылылық, сағыныш пен құрмет сезімі кернеді.

Мерейтойлық жиында Тұңғышбай Мұқанның жерлес қарындасы, ақын, Халықаралық Түркі дүниесі «Көкбөрі» сыйлығының иегері, Астана қаласының Құрметті азаматы Ардақ Игенова ағасына арналған арнау өлеңін оқыды.

Кештің келесі бөлігінде көпшілік Тұңғышбай Мұқанның өмір жолына арналған «Тынымсыз ғұмырым» атты деректі фильмді тамашалады. Бір жарым сағатқа созылған фильмде кейіпкердің балалық шағынан бастап, елдік істерге араласқан кезеңдері, өлкетану саласындағы еңбегі, Әлихан Бөкейхан мұрасын насихаттау жо-

лындағы қажырлы қызметі кеңінен қамтылды.

Кештің Әлихан Бөкейхан ауданында өтуінің де өзіндік мәні бар. Өйткені, Тұңғышбай Мұқан – бар ғұмырында Әлихан рухының шырақшысы болып, ұлт көсемінің есімін ұлықтауды азаматтық парызы санаған тұлға. Мерейтой иесіне өзге де сән-салтанаты жарасқан мәдениет ошақтарында кеш өткізу жөнінде ұсыныстар түскенімен, өзі көңілі қалаған орын – осы аудан болыпты.

Деректі фильмнен кейін құттықтау легі басталды. Алғаш болып облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Мемлекеттік кенесші Ерлан Қариннің құттықтау хатын оқып берді. Сонымен қатар, облыс әкімдігі атынан мерейтой иесіне сый-сияпат табыстап, ізгі тілегін жеткізді.

– Ұлт руханиятына қосқан үлесіңіз лайықты бағаланып, күні кеше жоғары марапатқа ие болдыңыз. Өлке тарихын түгендеу, ел жадын жаңғырту, ұлт тұлғаларын ұлықтау жолындағы өнегелі еңбегіңіз Арқа жұртымен қатар,



күллі елге ортақ игілікке айналды. Сіз Алаш арыстарының рухани мұрасын насихаттауда, әсіресе, Әлихан Бөкейхан есімін ел санасына орнықтыруда айрықша еңбек сіңірдіңіз. Бұл – бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес, тұтас ғұмырлық ұстанымның жемісі, – деді Әлібек Үсенұлы.

Бұдан кейін облыстық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық

филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы, партия төрағасы Ерлан Қошановтың, сондай-ақ, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың құттықтауын жеткізді. Өз кезегінде Бекзат Қомарұлы да мерейтой иесіне жүрекжарды лебізін білдірді.

– Ақылы асып, елдің ақсақалы бола білген, даналығымен абыз деген құрметке бөленген ағамыз-

бен бір дәуірде, бір уақытта замандас болудың өзі – үлкен бақыт. Адамның алдында бағыт берер жақсы ағасы, арқа сүйер ақсақалы болса, оның келешекке сенімі де нық болады. Алғаш қызметке келген күндерімнен бастап ағамыз ақылын айтып, жол көрсетіп, жөн сілтеп келеді. Өмір жолымыздың бір кезеңде тоғысып, елдік істерде қатар өрілуі – мен үшін үлкен тағылым, – деді Бекзат Қомарұлы.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов та мерейтой иесін құттықтап, ізгі тілегін арнады. Сонымен бірге, Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтің де құттықтауын жеткізді. Мерейтой барысында «Ақ жол» партиясының атынан Тұңғышбай Мұқанға «Еңбегім еліме» медалі табысталды.

Сондай-ақ, «Қазақ газеттері» ЖШС директоры, академик Диқан Қамзабекұлының құттықтау хатын оның орынбасары Қамбар Ахмет табыстады. Этнограф, тарихшы, журналист Төрехан Майбас та мерейтой иесіне ақжарма тілегін арнап, Тұңғышбай Мұқанның руханияттағы, тарих пен таным кеңістігіндегі еңбегін жоғары бағалады.

Кеш соңында сөз алған Тұңғышбай Мұқан жиналған жұртшылыққа, тілеулес ағайынға, өнерпаздарға, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

– Менің бар айтарым – әрбір біріңіздің жүректіңізді. Дүрбелең дәуірде, атойлы ғасырда, сындарлы тағдырда тынымсыз болыңыздар. Жалынды жастардың көзі ашылып, көкірегі кеңейіп келеді. Бізден бұрынғы буынның да, бүгінгі біздің қатардың да арман-мұратының орындалғаны. Елге қызмет ету – адам ғұмырының ең үлкен мәні. Сол жолда әрқайсыңыздың еңбектеріңіз жана берсін, – деді мерейтой иесі.

Сурет Жаңа Майқұдық мәдениет үйінен

• ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Мәдениеттер тоғысы

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған «Жамбыл Жабаев: Ақын мұрасы – Қазақстан мен Ресейдің мәдени үндестігі» тақырыбында халықаралық онлайн-кездесу ұйымдастырылды. Бұл тағылымды іс-шара Қазақстан мен Ресей арасындағы рухани және мәдени байланысты нығайту, Жамбыл мұрасын жаңа ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған маңызды алаңға айналды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресей Ұлттық кітапханасы, Алматыдағы Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі, Тараздағы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі онлайн қосылып, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің өкілдері офлайн қатысты.

«XX ғасырдың Гомері» атанған ақынның рухани мұрасын әр қырынан саралап, оның әлем әдебиетіндегі орны мен маңызына тоқталған кездесуде филология ғылымдарының кандидаты Лариса Харитоновна Жамбыл поэзиясының жаһандық мәдени кеңістіктегі мәнін айрықша атап өтті.

Жамбыл музейінің экскурсоводы Сара Қуатқызы ақынның жеке заттары мен сирек фотосуреттері арқылы оның өмір жолын кенінен таныстырды. Ал, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің өкілі Ұлжан Мақсатқызы ақын мұрасын сақтау мен дәріптеу бағытындағы жүйелі жұмыстар туралы баяндады.

Сурет ұйымдастырушылардан

Санкт-Петербургтен қосылған Шушана Жабко пікірі болды. Ол Жамбыл есімінің Ресей жұртшылығы үшін, әсіресе, Санкт-Петербург тұрғындары үшін ерекше құрметке ие екенін атап өтті.

– Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңі сұрапыл соғыс жылдарында қоршауда қалған қала тұрғындарына рух беріп, үміт сыйлаған тарихи туынды. Бұл поэзиялық туынды халықтарды біріктірген рухани күш ретінде бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ, – деді ол.

Одан бөлек, облыстық бейнелеу өнері музейінің бөлім меңгерушісі Снежана Черкасова Жамбыл бейнесінің кескіндеме мен графика өнеріндегі көрінісіне талдау жасап, ақын тұлғасының көркем өнердегі символдық мағынасына тоқталды.

Бұл халықаралық кездесу Жамбыл мұрасының Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени диалогты тереңдететін маңызды рухани көпір екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Ташкенттен – 13 медаль

Ташкенттегі жаңа Олимпиадалық стадионда жеңіл атлетикадан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өткен болатын. Оған бес елден 250-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ал, ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен 13 қарағандылық спортшы жоғары нәтиже көрсетіп, ел қоржынына сегіз алтын, бес күміс және үш қола жүлде салды.

100 метр, 200 метр және 4×100 метр эстафетасында сынға түскен Юлия Демкина үш санатта да үздік шықты. 100 метр мен 4×100 метр эстафетасында сынға түскен Виктор Исабаев қос алтын иеленсе, 200 метр қашықтықта жүгіру-



ден Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Сонымен қатар, Андрей Ким ұзындыққа секіруден топ жарды. Александра Евтеева 4×100 метрлік эстафетада алтын алып, 100 метр кедергілер арқылы жүгіруден қола жүлдеге қол жеткізді. Сегізінші алтынды ел қоржынына 4×100 метрлік эстафетада бақ сынаған Александр Дульев салды. Жерлесіміз одан бөлек 400 метр кедергілер арқылы жүгіруден бақ сынап – күміс, 110 метр кедергілер арқылы жүгіруден – қола жүлдегер атанды.

Мария Ефимова балға лақтырудан, Максат Базарбаев биіктікке секіруден, Данил Хван 1500 метр қашықтыққа жүгіруден Азия чемпионатының күміс жүлдегерлері атанды. Дарья Кудрявцева болса ядро итеруден қола медаль иеленді.

Өз тілшімізден Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ГІР КӨТЕРУ


Төрт алтын, екі күміс

Гір көтеру спортынан Ақтауда өткен Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Аталған чемпионатқа ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен жерлестеріміз төрт алтын және екі күміс медаль жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

85 келіге дейінгі салмақта гирді ұзын циклмен серпе көтеру түрінде бақ сынаған жерлесіміз Александр Комаров қарсылас шақ келтірмей, өз салмағының үздігі атанды. Ал, жасөспірімдер арасында 68 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Дәурен Қадыр да Азия чемпионы атанды. Сонымен қатар, Дәурен осы салмақта жұлқа көтеруден де бақ сынап, күміс жүлдеге қол жеткізді. Никита Золотухин болса, жұлқа көтеруден 73 келіге дейінгі салмақта алтынға бір табан жетпей, күміс медаль еншіледі.

Ал, ардагерлер арасында сынға түскен тағы үш жерлесіміз де Азия чемпиондары атанды. Олардың қатарында 73 келіде бақ сынаған Мақсат



Борамбаев, 85+ келіде Арсентий Ганженко және 85 келіде өнер көрсеткен Ержан Құсайынов жеңіс тұғырынан көрінді.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

Оқырман назарына!

Газеттің келесі саны 30 мамыр, сенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 081

№55 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН